

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау
министрлігіҚазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2025 жылғы 29 қаңтардағы № 6
бұйрығы. Қазақстан
Республикасының Әділет
министрлігінде 2025 жылы 29
қаңтарда № 35688 болып тіркелдіМинистерство здравоохранения Республики
Казахстан

**«Тиісті фармацевтикалық практикалар жөніндегі фармацевтикалық
инспекциялар жүргізу қағидаларын бекіту туралы»
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің
2021 жылғы 27 қаңтардағы № ҚР ДСМ-9
бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Тиісті фармацевтикалық практикалар жөніндегі фармацевтикалық инспекциялар жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 27 қаңтардағы № ҚР ДСМ-9 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22143 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі 244-бабының 6-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**»;

көрсетілген бұйрыққа 1-қосымшамен бекітілген тиісті фармацевтикалық практикалар жөніндегі фармацевтикалық инспекциялар жүргізу қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМҚ лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

- 1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;
- 3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметті ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.
4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі

А. Альназарова

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2025 жылғы 29 қаңтардағы
№ 6 Бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2021 жылғы 27 қаңтардағы
№ ҚР ДСМ-9 бұйрығына
1-қосымша

Тиісті фармацевтикалық практикалар жөніндегі фармацевтикалық инспекциялар жүргізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Тиісті фармацевтикалық практикалар жөніндегі фармацевтикалық инспекциялар жүргізу және «Тиісті фармацевтикалық практикалар сәйкестігіне сертификаттар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі 244-бабының 6-тармағына (бұдан әрі – Кодекс), «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына (бұдан әрі – Заң), «Фармацевтикалық инспекцияларды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2016 жылғы 3 қарашадағы № 83 шешіміне (бұдан әрі – № 83 шешім) сәйкес әзірленді және тиісті фармацевтикалық практикалар жөніндегі фармацевтикалық инспекциялар жүргізу тәртібін және «Тиісті фармацевтикалық практикалар сәйкестігіне сертификаттар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметінің тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы мемлекеттік сараптама ұйымы (бұдан әрі – сараптама ұйымы) – дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың қауіпсіздігін, тиімділігі мен сапасын қамтамасыз ету

бойынша денсаулық сақтау саласындағы өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік монополия субъектісі;

2) дәрілік заттардың айналысы саласындағы тиісті фармацевтикалық практикалар (бұдан әрі – тиісті фармацевтикалық практикалар) – дәрілік заттардың өмірлік циклінің барлық кезеңіне қолданылатын денсаулық сақтау саласындағы стандарттар: тиісті зертханалық практика (GLP), тиісті клиникалық практика (GCP), тиісті өндірістік практика (GMP), тиісті дистрибьюторлық практика (GDP), тиісті дәріханалық практика (GPP), тиісті фармакологиялық қадағалау практикасы (GVP) және басқа да тиісті фармацевтикалық практикалар;

3) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы мемлекеттік орган (бұдан әрі – мемлекеттік орган) – дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласында басшылықты, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысын бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

4) Қазақстан Республикасы фармацевтикалық инспекторларының тізілімі – Қазақстан Республикасының фармацевтикалық инспекторлары туралы мәліметтер қамтылатын, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның электрондық ақпараттық ресурсы;

5) мемлекеттік көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметті алушылардың өтініш жасауы бойынша немесе өтініш жасауынсыз жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі немесе олардың жиынтығы;

6) сәйкессіздік – инспекциялау кезінде анықталған тиісті фармацевтикалық практика талаптарынан объект қызметінің ауытқуы;

7) тиісті фармацевтикалық практикалар жөніндегі фармацевтикалық инспектор – тиісті фармацевтикалық практикалар жөніндегі фармацевтикалық инспекциялау жүргізу жөніндегі функцияларды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген және Қазақстан Республикасы фармацевтикалық инспекторларының тізіліміне енгізілген адам;

8) тиісті фармацевтикалық практикалар жөніндегі фармацевтикалық инспекторат (бұдан әрі – фармацевтикалық инспекторат) – дәрілік заттарға тиісті

фармацевтикалық практикалардың және қолданылуының ықтимал тәуекеліне қарай медициналық бұйымдар сапасының менеджменті жүйесін енгізуге, қолдауға және бағалауға қойылатын талаптардың сақталуына инспекцияны жүзеге асыратын, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшелері, оның аумақтық бөлімшелері және (немесе) уәкілетті орган айқындайтын ұйым;

9) тиісті фармацевтикалық практикалар жөніндегі фармацевтикалық инспекция (бұдан әрі – инспекция) – дәрілік заттардың айналысы саласындағы объектіні Қазақстан Республикасының және (немесе) Еуразиялық экономикалық одақтың тиісті фармацевтикалық практикалары талаптары сәйкестігіне айқындау мақсатында бағалау;

10) «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілерге қосуға арналған техникалық жағдайларды беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізудің ортақ терезесін білдіретін ақпараттық жүйе;

11) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

3. Инспекция инспекциялау субъектісі объектісінің «Тиісті фармацевтикалық практикаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 4 ақпандағы № ҚР ДСМ-15 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22167 болып тіркелген) (бұдан әрі – Фармацевтикалық практикалар қағидалары) тиісті фармацевтикалық практикалар стандарттарына және (немесе) Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2016 жылғы 3 қарашадағы № 77 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың тиісті өндірістік практика қағидаларына, Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2016 жылғы 3 қарашадағы № 87 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың тиісті фармакологиялық қадағалау практикасы қағидаларына (бұдан әрі – № 87 шешім) сәйкестігіне жүргізіледі.

Инспекциялар:

1) Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан субъектілердің тиісті зертханалық практика (GLP), тиісті клиникалық практика (GCP), тиісті өндірістік практика (GMP), тиісті дистрибьюторлық практика (GDP) талаптарына сәйкестігіне мемлекеттік органның және/немесе оның аумақтық бөлімшелерінің инспекторлары тартыла отырып мемлекеттік органмен;

2) тиісті дәріханалық практика (GPP) талаптарына сәйкестігіне мемлекеттік органның және/немесе оның аумақтық бөлімшелерінің инспекторлары тартыла отырып, мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелерімен;

3) Қазақстан Республикасының аумағынан тыс орналасқан субъектілердің тиісті зертханалық практика (GLP), тиісті клиникалық практика (GCP), тиісті өндірістік практика (GMP) талаптарына сәйкестігіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында не одан тыс жерлерде орналасқан фармакологиялық қадағалау жөніндегі міндеттемелерді орындау үшін тіркеу куәлігін ұстаушы тартқан тіркеу куәлігін ұстаушылардың (немесе) өзге де ұйымдырдың тиісті фармакологиялық қадағалау практикасы (GVP) сәйкестігіне мемлекеттік органның келісуі бойынша сараптама ұйымымен жүзеге асырылады.

4. Сараптама ұйымы инспекцияны Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес өтініш берушімен жасалатын шарт негізінде жүргізеді.

5. Стерильді дәрілік заттар өндірісін жүзеге асыратын, сондай-ақ соңғы инспекция кезінде 10 (он) және одан да көп елеулі сәйкессіздіктер анықталған дәрілік заттар айналысы саласындағы тиісті фармацевтикалық практикалардың талаптарына объектінің сәйкестігі туралы сертификат алған субъектілердің оларды растауы үшін қайталама инспекциялар мемлекеттік органның басшысы бекіткен инспекциялар графигіне сәйкес сертификаттың қолданылу мерзімі ішінде екі жылда бір реттен жиі емес жүргізіледі.

2-тарау. Инспекциялар жүргізу тәртібі

6. Инспекциялар жоспарлы және жоспардан тыс тәртіппен жүргізіледі.

Жоспарлы тәртіппен инспекция жүргізу үшін дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы субъектінің өтініші және (немесе) мемлекеттік органның шешімі негіз болып табылады.

Жоспардан тыс тәртіппен инспекция жүргізу үшін мемлекеттік органның және/немесе сараптама ұйымының шешімі негіз болып табылады.

7. Жоспарлы тәртіппен инспекция:

- 1) сертификат (қорытынды) алу;
- 2) дәрілік заттарды лицензиялау, тіркеу, қайта тіркеу, сараптау;
- 3) объектінің дәрілік заттар айналысы саласындағы тиісті фармацевтикалық практикалар талаптарына сәйкестігін растайтын сертификатты (бұдан әрі – сертификат) алған субъектілердің дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы мемлекеттік органның басшысы бекіткен инспекциялар графигіне сәйкес екі жылда бір реттен жиі емес растауы;

4) тиісті клиникалық практика бойынша 3, 2 б және имплантқа арналған медициналық бұйымдарды қолданудың ықтимал қауіп класындағы дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды клиникалық зерттеу ол басталғанға дейін, оның барысында немесе аяқталғаннан кейін жүргізіледі;

5) Қазақстан Республикасының және (немесе) Еуразиялық экономикалық одақтың Тиісті фармакологиялық қадағалау практикасы қағидаларында көзделген жағдайларда тіркеу куәлігін ұстаушының фармакологиялық қадағалау жүйесінің инспекциялары жағдайларында жүргізіледі.

8. Жоспардан тыс тәртіппен инспекция:

1) фармацевтикалық инспекция жүргізу бағдарламасына сәйкес дәрілік препараттардың қауіпсіздігіне, сапасына және тиімділігіне байланысты тергеп-тексеру жүргізу;

2) дәрілік заттарды тіркеу, қайта тіркеу, сараптау;

3) тиісті клиникалық практика бойынша сараптама жүргізу барысында дәрілік затты тіркеуге байланысты клиникалық есептер, дәрілік заттарды жүргізілген клиникалық зерттеулерге (сынақтарға) қатысты тіркеу дерекнамасында өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дұрыстығына күмән келтіретін фактілер анықталған жағдайларда жүргізіледі.

9. Жоспарлы тәртіппен инспекцияны осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша фармацевтикалық инспекциялау жүргізу бағдарламасына сәйкес инспекциялар жүргізу графигі бойынша фармацевтикалық инспекторат жүргізеді.

Тиісті өндірістік практика (GMP) талаптары сәйкестігіне инспекцияны № 83 шешімге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дәрілік заттар өндірісін инспекциялау бағдарламасына сәйкес инспекциялар жүргізу графигі бойынша фармацевтикалық инспекторат жүргізеді.

10. Инспекциялар рәсімі мынадай кезендерден тұрады:

1) жоспарлы тәртіппен инспекция кезінде – ұсынылған құжаттарды қабылдау және сараптау;

жоспардан тыс тәртіппен инспекция кезінде – мемлекеттік органның және /немесе сараптама ұйымының шешім қабылдауы;

2) жоспарлы тәртіппен инспекция кезінде – инспекцияланатын субъектімен немесе оның уәкілетті өкілімен инспекциялау мерзімдерін келісу;

3) инспекциялық топ құру;

4) инспекцияланатын субъектіге немесе оның уәкілетті өкіліне фармацевтикалық инспекциялау жүргізу бағдарламасын жасау және жіберу;

5) материалдардың немесе өнімнің сынамаларын (үлгілерін) (қажет болған кезде) алуды және олардың зертханалық сынақтарын жүргізуді қоса алғанда, инспекцияланатын субъектінің объектісін инспекциялау;

6) инспекция жүргізу туралы есепті (бұдан әрі – инспекция есебі) жасау;

7) түзету және алдын алу іс-қимылдарының жоспарын, оның орындалуы туралы есепті және анықталған сәйкессіздіктерді жою куәліктерін бағалау (қажет болған жағдайда);

8) тиісті фармацевтикалық практикалар қағидаларының талаптарына сәйкестік сертификатын немесе есепті беру немесе бас тарту туралы шешім қабылдау;

9) сертификат беру.

11. Тиісті фармацевтикалық практикалар талаптары сәйкестігіне жоспарлы тәртіппен инспекция жүргізу үшін инспекциялау субъектісі осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 2 және 3-

қосымшаларға сәйкес фармацевтикалық инспекторатқа объектіге фармацевтикалық инспекция жүргізу туралы өтініш береді.

12. Фармацевтикалық инспекторат осы Қағидалардың 11-тармағына сәйкес ұсынылған құжаттарды күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде қарайды.

Ұсынылған құжаттарға ескертулер болған кезде инспекциялау субъектісі көрсетілген ескертулерді берілген сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жояды.

13. Тиісті фармацевтикалық практикалар талаптарының сәйкестігіне жоспардан тыс тәртіппен инспекция жүргізу үшін фармацевтикалық инспекторат өтініш берушіге инспекциялау мерзімдерімен инспекция жүргізу туралы (еркін нысанда) хабарлама жібереді.

14. Инспекция жүргізу үшін жетекші фармацевтикалық инспектордан (топ жетекшісі) және фармацевтикалық инспекторларды, тартылатын сарапшылар мен тағылымдамадан өтушілерді қоса алғанда, топ мүшелерінен тұратын инспекциялық топ құрылады.

Инспекциялық топ фармацевтикалық инспектораттың сапа жүйесінде белгіленген рәсімдерге сәйкес қалыптастырылады.

Тиісті зертханалық практика (GLP), тиісті клиникалық практика (GCP) талаптары сәйкестігін жүргізетін инспекциялық топқа GMP инспекторларын қосуға рұқсат етіледі.

15. Инспекциялық топ жетекші фармацевтикалық инспектордан (топ жетекшісінен), тартылатын сарапшылар мен тағылымдамадан өтушілерді қоса алғанда екі және одан да көп фармацевтикалық инспекторлардан тұрады.

Инспекциялық топқа, фармацевтикалық инспекторат қызметкерлерінің біліктілік деңгейіне қойылатын талаптар «Қазақстан Республикасының фармацевтикалық инспекторатын қалыптастыру, фармацевтикалық инспекторларының тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 13 қазандағы № ҚР ДСМ-129/2020 бұйрығына сәйкес фармацевтикалық инспектораттың сапа жүйесінің рәсімдерімен белгіленеді (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21435 болып тіркелген).

Инспекцияның ұзақтығы орындалатын жұмыс көлеміне, алаңның (учаскенің) түрі мен күрделілігіне байланысты.

16. Инспекция жүргізу кезінде инспекциалық топтың мүшелері консультанттар ретінде болмайды, инспекцияны дайындау және жүргізу процесінде алынған мәліметтердің құпиялылығын, сондай-ақ инспекция нәтижелерінің құпиялылығын сақтайды.

17. Жетекші инспектор (топ жетекшісі) және инспекциялық топтың басқа мүшелері инспекция қызметіне қатысты құжаттарды алдын ала зерделейді.

Жетекші инспектор (топ басшысы) фармацевтикалық инспекциялау жүргізу бағдарламасын дайындауды қамтамасыз етеді. Инспекциялау бағдарламасы инспекция басталатын күнге дейін күнтізбелік 7 (жеті) күннен кешіктірілмей, жоспардан тыс тәртіппен инспекция кезінде күнтізбелік 1 (бір) күн бұрын инспекцияланатын субъектіге жіберіледі.

Жетекші инспектор инспекциялық топтағы функцияларды бөледі және инспекцияға байланысты дайындық іс-шараларын үйлестіреді.

18. Инспекция басталмас бұрын инспекция жүргізілетін субъектінің өкілдерімен кіріспе кеңес өткізіледі, онда жетекші инспектор инспекциялық топтың мүшелерін таныстырады, инспекцияланатын субъект басшылығымен және жауапты тұлғаларымен танысады, инспекция мақсаттары мен салалары туралы хабарландырады, инспекциялау бағдарламасы мен оны өткізу графигін нақтылайды, құпиялылық туралы мәлімдеме жасайды және инспекцияланатын тараптың сұрақтарына жауап береді.

Инспекцияланатын субъект инспекцияны жүргізуге жәрдемдесетін жауапты адамды белгілейді.

19. Инспекция барысында инспекциялау субъектісімен келісу бойынша өнім сапасына, процеске немесе сапа жүйесіне қатысты жоғары тәуекел болып табылатын сәйкессіздіктер анықталған кезде инспекциялау бағдарламасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізіледі.

20. Инспекция тобы инспекция жүргізу кезінде:

1) Қазақстан Республикасының аумағынан тыс орналасқан инспекциялау субъектісінің объектісіне кірген кезде инспекция жүргізу құқығын растайтын құжатты ұсынады;

2) инспекция шеңберінде кез келген объектіге (затқа) рұқсат алады және оны зерделейді;

3) аудио- және (немесе) бейнежазбаны және фототүсірілімді жүзеге асырады, сондай-ақ тиісті фармацевтикалық практикалар талаптарына сәйкессіздіктер анықталғанда куәлік ретінде пайдаланылатын құжаттардың көшірмелерін түсіреді;

4) инспекция субъектісінен инспекция кезінде туындайтын мәселелер бойынша түсініктемелер алады;

5) инспекция субъектісі тарапынан оны жүргізуге кедергі болған және (немесе) инспекция жүргізу үшін жағдайлар қамтамасыз етілмеген кезде инспекцияны тоқтатады;

б) шаралар қабылдайды немесе оның фармацевтикалық практикалар қағидаларының талаптарына сәйкессіздіктерін дәлелдейтін заттарға (материалдық дәлелдемелерге) қатысты, соның ішінде осындай затқа қол жеткізуге шектеу қоюға және белгіленген тәртіппен одан әрі талқылау мақсатында олардың сақталуын қамтамасыз етуге қатысты шаралар қабылдайды немесе инспекциялау субъектісінен шаралар қабылдауды талап етеді.

21. Инспекцияланатын субъект инспекциялау бағдарламасында көзделген іс-қимылды орындау мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

22. Қазақстан Республикасының аумағынан тыс орналасқан инспекцияланатын субъектілер құжаттаманы қазақ немесе орыс тілдерінде ұсынады және субъект-елдің тілінен қазақ немесе орыс тілдеріне аударманы жүзеге асыратын арнайы терминологиялық білімі бар сертификатталған және (немесе) лицензиясы бар аудармашының болуын қамтамасыз етеді.

23. Қажет болған жағдайда инспекция барысында инспекцияланатын субъект сынау үшін сынақ зертханасына жіберетін материалдардың немесе өнімнің сынамаларын (үлгілерін) іріктеу жүзеге асырылады.

Кедендік шекара арқылы өткізілетін материалдар мен өнімдердің сынамаларына (үлгілеріне) қатысты тасымалдаумен кедендік операцияларды, жасаумен және кедендік бақылауды жүргізумен, сондай-ақ сынамаларға (үлгілерге) сынақ өткізумен байланысты шығыстарды инспекцияланатын субъект көтереді.

24. Сәйкессіздіктер сыни, елеулі және елеусіз болып бөлінеді.

1) елеусіз сәйкессіздік:

GMP, GDP, GPP инспекциялар кезінде – сыни немесе елеулі санатқа сай келмейтін, алайда мәлімделген тиісті фармацевтикалық практика талаптарының бұзылуы болып табылатын сәйкессіздік немесе оған қатысты оған елеулі не сыни сипатта деп жіктеу үшін ақпараттың жеткіліксіз болуынан сәйкессіздік;

GCP инспекциясы кезінде – жағдайлар, субъектілердің құқықтарына, қауіпсіздігіне немесе әл-ауқатына және (немесе) деректердің сапасы мен тұтастығына қолайлы әсер етпей деп күтілетін, практика немесе процестер;

фармацевтикалық қадағалау жүйесінің GVP инспекциясы кезінде - фармакологиялық қадағалаудың бүкіл жүйесіне немесе процесіне және (немесе) пациенттердің құқықтарына, қауіпсіздігі мен әл-ауқатына теріс әсер етпейді деп күтілетін фармацевтикалық қадағалау жүйесінің бір немесе бірнеше процестерінің немесе рәсімдерінің қандай да бір құрамдас бөлігінің жетіспеуі (сәйкессіздігі) болып табылады;

2) елеулі сәйкессіздік:

GMP, GDP, GPP инспекциялары кезінде - дәрілік заттың айналысы процесінде немесе олардың бірде-бірі өз алдына елеулі болып табылмайтын, жиынтықта елеулі сәйкессіздікті білдіретін елеулі сәйкессіздіктер комбинациясы оның сапасының елеулі төмендеуіне алып келетін немесе оны туындататын сыни болып жіктелмейтін тиісті фармацевтикалық практика талаптарына сәйкессіздік;

GCP инспекциясы кезінде - субъектілердің құқықтарына, қауіпсіздігіне немесе әл-ауқатына және (немесе) деректердің сапасы мен тұтастығына қолайсыз әсерін етпейді деп күтілетін сондай-ақ ауытқулар жиынтығын және (немесе) көптеген елеусіз қадағалауды қамтитын жағдайлар, практика немесе процестер;

фармакологиялық қадағалау жүйесіне GVP инспекциясы кезінде - бұл бүкіл процеске теріс әсер ететін және (немесе) пациенттердің құқықтарына, қауіпсіздігі мен әл-ауқатына және (немесе) халықтың денсаулығына ықтимал қауіп төндіру мүмкін және (немесе) бұл маңызды деп саналмайтын Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарының бұзушылығын білдіретін фармакологиялық қадағалау жүйесінің бір немесе бірнеше процестерінің немесе рәсімдерінің елеулі кемшілігі (сәйкессіздігі) немесе фармакологиялық қадағалау процестерінің немесе

рәсімдерінің бір немесе бірнеше қандай да бір бөлігінің қағидаттық кемшілігі болып табылады;

3) GMP, GDP, GPP инспекциялары кезінде – дәрілік заттың, дәрілік зат өндірісі сапасының төмендеуін және оның айналысы процесінде адамның денсаулығы мен өміріне қауіп туындататын немесе елеулі тәуекелге әкелуі мүмкін тиісті фармацевтикалық практикалар талаптарына сәйкессіздік;

GCP инспекциясы кезінде – субъектілердің құқықтарына, қауіпсіздігіне немесе әл-ауқатына және (немесе) деректердің сапасы мен тұтастығына теріс әсер ететін жағдайлар, практика немесе процестер, сонда-ақ нашар сапа, манипуляция және қасақана деректерді бұрмалау және (немесе) шығыс деректерінің болмауы;

фармацевтикалық қадағалау жүйесінің GVP инспекциясы - фармакологиялық қадағалаудың бүкіл жүйесіне және (немесе) пациенттердің құқықтарына, қауіпсіздігі мен әл-ауқатына теріс әсерін тигізетін және (немесе) халықтың денсаулығына ықтимал қауып төндіруді және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарының маңызды бұзушылығын білдіретін фармакологиялық қадағалау жүйесінің бір немесе бірнеше процестерінің немесе орындалмайтын рәсімдерінің қағидаттық кемшілігі болып табылады;

25. Сыни сәйкессіздіктер анықталған жағдайда жетекші инспектор сәйкессіздіктер анықталған сәттен бастап 24 (жиырма төрт) сағат ішінде тиісті ақпаратты мемлекеттік органға жібереді, оның негізінде мемлекеттік орган «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды қолдануды тоқтата тұру, тыйым салу немесе айналыстан алып қою не шектеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-322/2020 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21906 болып тіркелген) Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды қолдануды тоқтата тұру, тыйым салу немесе айналыстан алып қою не шектеу қағидаларының (бұдан әрі – Тоқтата тұру қағидалары) 3-тармағы 8) тармақшасының талабында көзделген шешімді қабылдайды, бұл туралы инспекция субъектісін жазбаша хабарландырады, сондай-ақ тиісті шаралар қабылдау үшін құқық қорғау органдарына және кедендік бақылау органдарына хабарлайды.

26. Жетекші инспектор инспекцияның әр күнінің соңында инспекциялық топ мүшелерімен алдын ала қадағалауды талқылау үшін, қажет болған кезде

инспекцияланатын субъектінің жауапты тұлғаларымен де талқылау кеңес өткізеді. Келіспеушіліктер туындаған жағдайда инспекциялық топ мүшелері инспекцияланатын субъект өкілдерінің сұрақтарына жауап беруге тиіс. Сыни сәйкессіздік деп жіктеу жоспарланып отырған сәйкессіздіктер анықталған жағдайда жетекші инспектор бұл туралы инспекцияланатын субъектінің жауапты тұлғаларын бірден хабардар етеді.

27. Инспекцияланатын субъектінің жауапты тұлғаларымен қорытынды кеңесте инспекцияланатын субъектінің кейіннен түзету және алдын алу іс-қимылдары жоспарын (қажет болған жағдайда) дайындауы үшін анықталған сәйкессіздіктерді талқылай отырып, инспекциялау нәтижелері бойынша алдын ала қорытынды жарияланады.

28. Жетекші инспектор (топ жетекшісі) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инспекция есебін және (немесе) № 83 шешімге 6-қосымшаға сәйкес GMP талаптары сәйкестігіне инспекциялау есебін және (немесе) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес дәрілік заттардың тіркеу куәлігін ұстаушылардың фармакологиялық қадағалау жүйесі инспекциясының нәтижелері туралы есепті инспекция аяқталған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей жасайды.

Инспекция есебі 2 (екі) данада жасалады және оған жетекші фармацевтикалық инспектор (топ жетекшісі) және инспекциялық топ мүшелері қол қояды.

Инспекция есебінің бір данасы инспекциялау субъектісіне (ілеспе хатпен) қол қойылған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірілмей жіберіледі, екінші данасы мемлекеттік органның және (немесе) сараптама ұйымының архивінде сақталады. GCP талаптарына сәйкестікке инспекциялау кезінде инспекция есебі клиникалық зерттеу демеушісіне немесе тіркеу куәлігін ұстаушыға жіберіледі.

Инспекцияланатын субъектінің жауапты тұлғалары инспекция жүргізу барысында анықталған сәйкессіздіктерді жою туралы ұсынған ақпаратты инспекциялық топ мәліметке алады және инспекция жүргізу барысында оларды жою туралы белгісі бар сәйкессіздіктер ретінде инспекциялық есепте көрсетілуге тиіс.

Инспекциялар бойынша құжаттар 5 (бес) жыл бойы сақталады.

29. Шикізаттың, материалдардың немесе өнімнің сынамаларын (үлгілерін) іріктеу кезінде инспекция есебі сынақ зертханасынан сынақ нәтижелері алынғаннан кейін жасалады. Бұл ретте, осы Қағидалардың 28-тармағында көрсетілген мерзім мемлекеттік орган, аумақтық бөлімше немесе сараптама ұйымы сынақ нәтижелерін алған күннен бастап есептеледі.

30. Сәйкессіздіктер анықталған кезде инспекцияланатын субъекті инспекция есебін алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей түзету және алдын алу іс-қимыл жоспарын және оның орындалуы туралы есепті қоса бере отырып, фармацевтикалық инспекторатқа және инспекциялық топ жетекшісіне жауап жібереді.

31. Көрсетілген жауап алынған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес күн) ішінде инспекциялық топ түзету және алдын алу іс-қимылдары жоспарының және оның орындалуы туралы есептің толықтығы мен нәтижелілігіне бағалауды жүзеге асырады.

32. Осы Қағидалардың 3-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген инспекция қорытындысы бойынша жүзеге асырылатындарды қоспағанда, түзету және алдын алу іс-қимыл жоспарының толықтығы мен нәтижелілігін бағалауды және оның орындалуы туралы есепті жетекші фармацевтикалық инспектор күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде мемлекеттік органмен келіседі.

33. Түзету және алдын алу іс-қимыл жоспарының толықтығы мен нәтижелілігін бағалау және оның орындалуы туралы есептің бір данасын мемлекеттік орган және/немесе мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесі оған қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей инспекцияланатын субъектіге жіберіледі, екінші данасы фармацевтикалық инспекторат архивінде және үшінші данасы – сараптама ұйымында (сараптама ұйымы инспекция жүргізген жағдайда) сақталады.

34. Инспекцияланатын субъект мынадай жағдайлардың бірінде Фармацевтикалық практикалар қағидаларының талаптарына сәйкес келеді деп танылады:

- 1) сәйкессіздіктердің болмауы;
- 2) сәйкессіздіктер жойылған жағдайда.

35. Инспекцияланатын субъекті фармацевтикалық практикалар қағидаларының талаптарына сәйкес келеді деп танылған кезде мынадай құжаттар беріледі:

1) тиісті өндірістік практика (GMP) (сараптамалық жұмыстар шеңберінде инспекция жүргізу жағдайларын қоспағанда), тиісті дистрибьюторлық практика (GDP), тиісті дәріханалық практика (GPP), тиісті зертханалық практика (GLP) талаптары сәйкестігіне сертификат;

2) есеп (қорытынды) тиісті клиникалық практика (GCP), тиісті фармакологиялық қадағалау практикасы (GVP) талаптары сәйкестігіне беріледі;

3) мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесінің тиісті дәріханалық практика (GPP) талаптары сәйкестігіне сертификат.

Тиісті өндірістік практика (GMP) және тиісті дистрибьюторлық практика (GDP) талаптары сәйкестігіне сертификат алу үшін түзету және алдын алу іс-қимыл жоспарының толықтығы мен нәтижелілігін бағалау және оның орындалуы туралы есепті алған инспекцияланатын субъектісі осы Қағидалардың 4-тарауында белгіленген тәртіппен өтінім береді.

36. Инспекцияланатын субъекті мынадай жағдайларда тиісті фармацевтикалық практика талаптарына сәйкес келмейді деп танылады:

1) түзету және алдын алу іс-қимыл жоспарын және оның орындалуы туралы есепті қоса бере отырып, инспекция қорытындылары бойынша анықталған сәйкессіздіктер жойылмаған кезде;

2) осы Қағидалардың 30-тармағында белгіленген мерзімде жауап берілмеген кезде;

3) инспекциялау субъектісі инспекция жүргізуге кедергі келтірген кезде;

4) инспекциялау субъектісі мемлекеттік органның шешімі бойынша инспекция жүргізуді қамтамасыз етпеген кезде.

37. Мемлекеттік органның шешімі бойынша инспекция жүргізілетін инспекцияланатын субъект одан өтуден бас тартқан кезде мемлекеттік орган бұрын берілген сертификаттың қолданылуын тоқтату туралы шешім қабылдайды.

38. Инспекцияланатын субъекті тиісті фармацевтикалық практика талаптарына сәйкес келмейді деп танылған кезде тиісті дәріханалық практика

(GPP), тиісті зертханалық практика (GLP) талаптары сәйкестігіне сертификатты беруден дәлелді бас тарту жазбаша түрде (еркін нысанда) беріледі.

39. Объектінің талаптарға сәйкестігі туралы сертификаттың қолданылу мерзімі:

- 1) тиісті өндірістік практика (GMP) 3 (үш) жылды құрайды;
- 2) тиісті дистрибьюторлық практика (GDP), тиісті зертханалық практика (GLP) - 3 (үш) жыл;
- 3) тиісті дәріханалық практика (GPP) – алғашқы екі ретте 5 (бес) жылға, кейіннен растаған кезде – мерзімсіз.

Тиісті дәріханалық практиканың (GPP) екінші және мерзімсіз (кейіннен растаумен) сертификатын алу үшін инспекцияланатын субъекті фармацевтикалық инспекторатқа тиісті дәріханалық практика GPP сертификатының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 90 (тоқсан) күн бұрын өтініш береді.

40. Инспекцияланатын субъекті субъектінің атауы өзгерген, объектінің физикалық орын ауыстыруынсыз орналасқан жеріндегі мекенжайының атауы өзгерген кезде, көрсетілген мәліметтерді растайтын тиісті құжаттарды қоса бере отырып, бұл туралы мемлекеттік органға немесе оның аумақтық бөлімшесіне жазбаша хабарлайды. Мемлекеттік орган немесе оның аумақтық бөлімшесі 5 (бес) жұмыс күні ішінде сертификатты немесе қорытындыны қайта ресімдеуді жүргізеді.

41. Мемлекеттік орган немесе оның аумақтық бөлімшесі өтінім келіп түскен сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде инспекцияланатын субъекті тиісті дәріханалық практика (GPP), тиісті зертханалық практика (GLP) сәйкестігіне сертификатты немесе тиісті клиникалық практика (GCP), тиісті фармакологиялық қадағалау практикасы (GVP) талаптарына сәйкестігіне қорытындыны жоғалтқан кезде телнұсқа беруді жүргізеді.

42. Тиісті фармацевтикалық практикалар талаптары сәйкестігіне сертификатты ұстаушы күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде фармацевтикалық инспекторатты өтініште көрсетілген ақпаратқа әсер ететін ұйымдағы жоспарланған өзгерістер туралы (өндірістік алаңдағы өнім көлемінің өзгеруі, ұй-жайлардың, жабдықтардың және өндірістік процеске әсер ететін операциялардың өзгеруі) хабардар етеді.

Өзгерістердің сипатын негізге ала отырып, фармацевтикалық инспекторат күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде тиісті фармацевтикалық практикалардың талаптары сәйкестігіне тексеру үшін жаңа инспекция жүргізу туралы шешім қабылдайды.

43. Мемлекеттік орган немесе оның аумақтық бөлімшесі сертификатты немесе қорытындыны мынадай жағдайларда кері қайтарып алады:

- 1) инспекцияланатын субъектінің өтінімі бойынша;
- 2) дәрілік заттардың және медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы субъекті таратылған;
- 3) сапасыз өнімді өткізу, дәрілік заттарды тасымалдау, сақтау және өткізу кезінде тиісті фармацевтикалық практикалар талаптарын сақтамау мәселесі бойынша мемлекеттік органға жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарының негізінде жүргізілген тергеп-тексеру нәтижелері бойынша түзету және алдын алу іс-қимыл жоспарын және оның орындалуы туралы есепті қоса бере отырып, инспекция нәтижелері бойынша анықтаған сәйкессіздіктер жойылмаған жағдайда;
- 4) инспекцияланатын субъект осы Қағидалардың 46-тармағында көзделген жағдайлар аяқталғаннан кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде өтініш бермесе;
- 5) инспекция жүргізбей берілген тиісті өндірістік практика (GMP) сәйкестігіне сертификаты бар Қазақстан Республикасының дәрілік заттарының өндірушілерінде инспекция жүргізу кезінде түзету және алдын алу іс-қимыл жоспарын және оның орындалуы туралы есепті қоса бере отырып, инспекция нәтижелері бойынша анықталған сәйкессіздіктер жойылмаған кезде;
- 6) қайталама инспекция жүргізу кезінде түзету және алдын алу іс-қимыл жоспарын және оның орындалуы туралы есепті қоса бере отырып, инспекция нәтижелері бойынша анықталған сәйкессіздіктер жойылмаған кезде.

44. Сертификат немесе қорытынды мемлекеттік орган немесе оның аумақтық бөлімшесі оны кері қайтарып алуы негізінде, сондай-ақ сертификаттың немесе қорытындының қолданылу мерзімі өткен кезде өзінің қолданысын тоқтатады.

Кері қайтарып алынған сертификат немесе қорытынды мемлекеттік органға немесе оның аумақтық бөлімшесіне инспекцияланатын субъекті сертификатты кері қайтарып алу туралы хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде қайтарылуға тиіс.

3-тарау. Тиісті фармацевтикалық практикалар стандарттарының сәйкестігіне инспекция жүргізу ерекшеліктері

45. Тиісті өндірістік практика (GMP) стандартының сәйкестігіне инспекция жүргізу үшін инспекцияланатын субъекті осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оған қатысты инспекция жүргізілетін өндірушінің немесе шетелдік өндірушінің өндіріс орында өндірілетін (өндірісі жоспарланған) дәрілік заттардың тізбесін ұсынады.

46. Мемлекеттік органмен келісу бойынша инспекция есебінде тиісті белгісі бар объектілерде қашықтықтан өзара іс-қимыл жасау құралдарын пайдалана отырып, инспекциялау субъектісінің өндірістік объектісіне бармай аудио- және бейнебайланыс арқылы (бұдан әрі - қашықтықтан инспекциялау) инспекция мынадай жағдайларда жүргізіледі:

1) қауіптің туындауы, төтенше жағдайдың, қауіптің туындауы және (немесе) оны жою:

айналасындағыларға қауіп төндіретін эпидемиялық аурулардың таралуы;
қолайсыз химиялық, биологиялық, радиациялық факторлардың әсері нәтижесінен болатын аурулар мен зақымданулар;

2) инспекторлардың (мысалы, саяси, медициналық немесе өзге де себептер бойынша) өмірі мен денсаулығына зиян келтіру қаупі бар еңсерілмейтін күш мән-жайларының немесе тараптардың ізгі-ниетіне байланысты емес мән-жайлардың пайда болуы.

47. Тиісті өндірістік практика талаптары сәйкестігіне қашықтықтан инспекция жүргізу үшін инспекцияланатын субъект осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес құжаттарды ұсынады.

48. Өндіруші келісімшарт бойынша өндіріс және (немесе) талдау жүргізу процесінің бір бөлігін басқа тұлғаға (аутсорсинг) берген кезде қосымша

аутсорсинг ұйымын инспекциялау жүзеге асырылады, ол туралы ақпарат өндірушінің өтінішінде көрсетіледі және өндіруші аутсорсинг ұйымына баруды қамтамасыз етеді.

49. Тиісті зертханалық практика (GLP) стандарты сәйкестігіне фармацевтикалық инспекциялау (бұдан әрі – GLP инспекциясы) «Клиникаға дейінгі (клиникалық емес) зерттеулердің материалдарын және оларды жүргізу шарттарының Қазақстан Республикасының және (немесе) Еуразиялық экономикалық одақтың тиісті зертханалық практиканың (GLP) талаптарына сәйкестігін бағалауды фармацевтикалық инспекция шеңберінде жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 4 қарашадағы № ҚР ДСМ-181/2020 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21596 болып тіркелген) талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

50. GLP инспекциясын жүргізу рәсімі және клиникаға дейінгі зерттеу бойынша нәтижелер туралы есепті қалыптастыру немесе тіркеу, қайта тіркеу және тіркеу дерекнамасына өзгерістер енгізу кезінде сараптамалық жұмыстарды жүргізу шеңберінде Фармацевтикалық практикалар қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес, сондай-ақ «Еуразиялық экономикалық одақтың Дәрілік заттардың айналысы саласындағы Тиісті зертханалық практика қағидаларын бекіту туралы» Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2016 жылғы 3 қарашадағы № 81 шешіміне сәйкес жүргізіледі және ресімделеді.

51. Тиісті клиникалық практика стандарты (GCP) сәйкестігіне фармацевтикалық инспекциялар (бұдан әрі – GCP инспекциясы) «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға клиникалық зерттеулер жүргізу, тірі организмнен тыс (in vitro) диагностикаға арналған медициналық бұйымдарға клиникалық-зертханалық сынақтар жүргізу қағидаларын және клиникалық базаларға, мемлекеттік көрсетілетін қызметке, фармакологиялық және дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды клиникалық зерттеу және (немесе) сынау жүргізуге рұқсат беруге қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-248 /2020 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21772 болып тіркелген) талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

52. GCP инспекциялары клиникалық орталықта демеуші және (немесе) келісімшарттық зерттеу ұйымының (бұдан әрі – КЗҰ), сондай-ақ зерттеуге қатысы бар ұйымдардың үй-жайларында жүргізіледі.

53. GCP инспекциялары осы Қағидаларға 9-қосымшада көрсетілген клиникалық зерттеулер материалдарын сараптау кезінде анықталған ескертулер кезінде жүзеге асырылады.

54. GCP инспекцияларын жүргізу кезінде осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инспекциялық дерекнама және осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті клиникалық практика сәйкестігіне фармацевтикалық инспекция жүргізу туралы есеп қалыптастырылады.

55. Тиісті фармакологиялық қадағалау практикасы (GVP) стандарты сәйкестігіне фармацевтикалық инспекциялар (бұдан әрі – GVP инспекциясы) «Фармакологиялық қадағалауды және медициналық бұйымдардың қауіпсіздігіне, сапасы мен тиімділігіне мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 23 желтоқсандағы №ҚР ДСМ-320/2020 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №21896 болып тіркелген), талаптарға тиісті фармакологиялық қадағалау практикасы стандартына (GVP) және №87 шешімге сәйкес жүзеге асырылады.

4-тарау. «Тиісті фармацевтикалық практикалар сәйкестігіне сертификаттар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі тәртібі

56. «Тиісті фармацевтикалық практикалар талаптарына сәйкестігіне сертификаттар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) мемлекеттік орган (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетеді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы түзету және алдын алу іс-қимыл жоспарын және оның орындалуы туралы есепті қарауды аяқтау туралы хабарлама-хатты алғаннан кейін осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша www.egov.kz, www.elicense.kz «электрондық үкімет» порталы (бұдан әрі – Портал) арқылы өтінім береді.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар, мемлекеттік қызметті ұсыну ерекшеліктерін есепке ала отырып көрсету нәтижесі және өзге мәліметтер осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес «Тиісті фармацевтикалық практикалардың сәйкестігіне сертификаттар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі - негізгі талаптардың тізбесі) келтірілген.

57. Көрсетілетін қызметті беруші өтінім мен құжаттар порталға келіп түскен күні оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасына сәйкес өтінімді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

58. Портал арқылы – көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік қызмет көрсетуге өтінімнің қабылданғаны туралы мәртебе және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті беруші 2 (екі) жұмыс күні ішінде олардың осы Қағидалардың 13-қосымшасына сәйкес негізгі талаптар тізбесіне сәйкестігін қарайды, қарау қорытындысы бойынша мынадай мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерінің бірін қалыптастырады:

осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес тиісті өндірістік практика (GMP) талаптары сәйкестігіне сертификат;

осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес тиісті дистрибьюторлық практика (GDP) талаптары сәйкестігіне сертификат;

осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті беруші басшысының не оны алмастыратын тұлғаның ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» жіберіледі.

59. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметті көрсетудің жалпы мерзімі 2 (екі) жұмыс күнін құрайды.

60. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингі мақсатында мониторингтің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызмет көрсету туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

61. Уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты өтініштерді қабылдауды және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беруді жүзеге асыратын ұйымдарға және көрсетілетін қызметті берушілерге (Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне сәйкес), оның ішінде Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

62. Сертификат алған инспекциялау субъектілері туралы деректерді 3 (үш) жұмыс күні ішінде мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесі немесе оның аумақтық бөлімшесі сертификаттың қолданылу мерзіміне сәйкес келетін мерзімге осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті фармацевтикалық практикалар сәйкестігіне сертификат ұстаушылардың тізіліміне (бұдан әрі – сертификат ұстаушылардың тізілімі) енгізеді.

63. Мемлекеттік орган немесе оның аумақтық бөлімшесі берген, тоқтата тұрған және кері қайтарып алған сертификаттар туралы ақпарат сертификат ұстаушылардың тізіліміне енгізіледі және ай сайын айдың 10-күніне дейін мемлекеттік органның немесе оның аумақтық бөлімшесінің интернет-ресурсында орналастырылады.

5-тарау. Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

64. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 91-бабының 4-тармағына сәйкес шағым келіп түскен жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші оны келіп түскен күнінен бастап 3 (үш) жұмыс

күнінен кешіктірмей шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға) жібереді. 3 (үш) жұмыс күні ішінде қолайлы акт қабылданған, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекет жасалған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға) шағымды жібермейді.

65. Көрсетілетін қызметті алушының шағымын Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабы 2-тармағына сәйкес:

көрсетілетін қызметті беруші – тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган – оның тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарауға тиіс.

66. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабы 4-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайларда он жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап үш жұмыс күні ішінде шағым берген көрсетілетін қызметті алушыға ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

67. Егер заңда өзгеше көзделмесе, ҚР ӘРПК-ның 91-бабы 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

Тиісті фармацевтикалық
практикалар жөніндегі
фармацевтикалық
инспекциялар жүргізу
қағидаларына
1-қосымша

Нысан

Фармацевтикалық инспекциялау жүргізу бағдарламасы

1. Инспекциялау субъектісінің атауы _____
2. Инспекция жүргізу үшін негіздеме _____
3. Инспекцияның мақсаты _____
4. Инспекция күні _____
5. Объектінің атауы _____
6. Объектінің орналасқан жері _____
7. Инспекциялық топтың құрамы мен жауапкершілігі:

